

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 114 "Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2020 жылғы 20 қарашадағы № 596 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 желтоқсанда № 7756 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2024 жылғы 30 мамырдағы № 173 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 30.05.2024 № 173 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 114 "Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5179 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген, Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрайымы

А. Бактығалиева

Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы

С. Шинтасова

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтөбе облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ *Б. Елеусінова*
2020 жылғы "___" _____

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2020
жылғы 20 қарашадағы № 596 шешіміне
қосымша

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016
жылғы 23 қарашадағы № 114
шешімімен бекітілген

Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1. Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 24) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) және Ақтөбе қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия - өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Ақтөбе қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі - "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Ақтөбе облысының Статистика департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Статистика департаменті) есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) өмірлік қиын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Жұмыспен қамту бөлімі);

9) учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Ақтөбе қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Ақтөбе қаласында тұрақты тұратын адамдарға таралады.

4. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына Жұмыспен қамту бөлімімен осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте беріледі.

5. Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсетілетін көмек түсініледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

Жеңіс күні - 9 мамыр;

Отбасы күні - қыркүйектің екінші жексенбісі.

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстық ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

9. Ай сайынғы әлеуметтік көмек кірісті есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне коммуналдық қызметтерге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде;

3) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңының (бұдан әрі - "Ардагерлер туралы" Заң) күші қолданылатын басқа да адамдарға жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде;

4) екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушыларының жұбайына (зайыбына) жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 2 500 (екі мың бес жүз) теңге мөлшерінде;

5) үйде оқитын мүгедек балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне бір мүгедек балаға 5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

6) туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын азаматтарға, ай сайын "Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтөбе облыстық фтизиопульмонология орталығы"

мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұсынатын тізімдерге сәйкес (жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі, банктегі шотының нөмірі жалғанған), жылына 6 ай амбулаториялық ем алу мерзіміне 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

7) адамның имунтапшылығы вирусымен ауыратын балаларға ата-анасының біреуімен немесе заңды өкілімен уәкілетті органға ай сайын берілетін өтініштің негізінде (жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі, банктегі шотының нөмірі жалғанған), Ақтөбе облысы бойынша күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен кем емес мөлшерде;

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі - КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 10 000 (он мың) теңге мөлшерінде;

9) Еңбек ардагерлеріне, осы Қағидалардың 9-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, жылу маусымының 7 айы ішінде (қаңтардан сәуірге дейін, қазаннан желтоқсанға дейін) коммуналдық қызметтерге 2 500 (екі мың бес жүз) теңге мөлшерінде.

Әлеуметтік көмек, жоғарыда көрсетілген тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі.

10. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

3) "Ардагерлер туралы" Заңның күші қолданылатын басқа да адамдарға, осы Қағидалардың 10-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

4) 1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

5) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге қыркүйек айының екінші жексенбісі - Отбасы күніне орай 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

6) қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушыларының екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына) 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

7) Ауғанстанда әскери қызметін өткергеннен кейін қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына және екінші рет некеге тұрмаған жұбайына 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

9) Еңбек ардагерлеріне, осы Қағидалардың 10-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде.

11. Өмірлік қиын жағдайға тап болған кезде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 180 000 (жүз сексен мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге 120 000 (жүз жиырма мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

3) "Ардагерлер туралы" Заңның күші қолданылатын басқа да адамдарға 95 000 (тоқсан бес мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

4) төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын зейнетақы төлемдерін алушыларға, 70 000 (жетпіс мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

5) мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға 70 000 (жетпіс мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

6) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

7) бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға 140 000 (жүз қырық мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне 70 000 (жетпіс мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

9) аз қамтылған азаматтарға 140 000 (жүз қырық мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

10) әлеуметтік мәні бар аурулары (онкологиялық аурулары бар адамдар, адамның иммунтапшылығы вирусын жұқтырғандар) бар азаматтарға 95 000 (тоқсан бес мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

11) қайтыс болған күні уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген туыстарын, жұбайларын жерлеуге, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларға кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге 35 000 (отыз бес мың) теңгеден артық емес мөлшерде;

12) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға 100 000 (жүз мың) теңгеден артық емес мөлшерде.

12. Қаланың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша күндізгі нысандағы оқу ақысын төлеу үшін: жетім балалар; балалар үйінің түлектері; бала кезінен мүгедектер; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасылардың балалары қатарынан, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі нысандағы оқуда оқитын балалар, кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ, жиырма үш жасқа толғаннан артық емес):

Ақтөбе қаласының орта оқу орындарында оқудың іс жүзіндегі құны мөлшерінде жүргізіледі және 180 000 (жүз сексен мың) теңгеден артық емес мөлшерде оқу жылы ішінде екі бөліп аударылады.

Оқуға ақшалай төлем есебінен оқытылатын мамандықтар тізбесін арнайы комиссиямен анықталады.

Әлеуметтік көмек студенттерге жергілікті бюджет қаражаты есебінен, жылына бір рет, оқу орнының білім беру қызметінің құны шегіндегі жыл сайынғы төлемдерді өтеуге көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орындарында күндізгі нысанындағы оқуды талап ететін клиникалық мамандықтар бойынша оқитын резидентура тыңдаушыларына, жоғарғы оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқытудың ақылы қызмет көрсету шартын ұсынған кезде, әлеуметтік көмек, кірісті есепке алмай оқудың ақшалай құны мөлшерінде, "Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Денсаулық сақтау басқармасы) ұсынуымен көрсетіледі.

13. Өмірлік қиын жағдайлардағы азаматтарға, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен бір еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарды қоспағанда).

Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) Ақтөбе қалалық мәслихаты ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

14. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарау мерзімі:

өмірлік қиын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кешіктірмей.

15. Әрбір жекелеген жағдайда, көрсетілетін әлеуметтік көмектің мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмекті көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

16. Қазақстан Республикасының аумағында енгізілген төтенше жағдай кезеңіне бір жолғы әлеуметтік көмек 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі:

1) әрбір адамға табыстарын есепке алмай, I, II және III топтардағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға, он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі I, II, III топтардағы мүгедек балаларға, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға уәкілетті ұйымның тізімдері негізінде;

2) табыстарын есепке алмай, қазіргі уақытта амбулаториялық ем алатын онкологиялық аурулардан зардап шегетін, адамның иммунитетінің вирусын жұқтырған және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын азаматтарға, Денсаулық сақтау басқармасының тізімдері негізінде;

3) табыстарын есепке алмай, "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Әлеуметтік жәрдем орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тізімі негізінде арнайы әлеуметтік қызметтерді алатын Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен, өзіне қызмет көрсете алмайтын және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексіне сәйкес өздерінің ата-аналарын, жұбайын (зайыбын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (I, II топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, психикалық денсаулық орталығында есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін - егде жаста болуына байланысты) оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз етпейтін еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар қарт адамдарға;

4) атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы Ақтөбе облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір еселенген мөлшерінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларға, арнайы комиссия бекіткен Ақтөбе қаласы "Алматы" және "Астана" аудандарының әкімдері ұсынған тізімдері негізінде.

Әлеуметтік көмек бір адамға тек бір санат бойынша көрсетіледі және төтенше жағдай кезеңінде қолданылады.

Әлеуметтік көмек құжаттарсыз көрсетіледі және төтенше жағдай тоқтатылған жағдайда төлем тоқтатылады.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

17. Осы Қағидалардың 10 тармағының 1) - 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға, атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Ақтөбе қалалық әкімдігі бекіткен тізімі бойынша көрсетіледі.

Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы күндер мен мерекелік күндері (санатына байланысты) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша үлкені).

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;
- 3) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акт және/немесе құжат.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

19. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін әлеуметтік көмек алған осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тұлғаларға ай сайынғы әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі. Қайта өтініш жасаған тұлғалар өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) өтініш берушінің әлеуметтік жағдайын растайтын құжат;
- 3) мүгедек баланы үйде оқитындығын растайтын анықтама (мүгедек балалар үшін);
- 4) психологиялық-медико-педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін).

20. Отбасында екі немесе одан да көп адамдардың ай сайынғы коммуналдық қызметтерді алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмек төлемі отбасы мүшелерінің таңдауы бойынша тек біреуіне ғана көрсетіледі.

21. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін әлеуметтік көмек алған осы Қағидалардың 10-тармағының 7) - 8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан өтініштер талап етілмей, атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек Жұмыспен қамту бөлімінің ұсынысы бойынша Ақтөбе қалалық әкімдігі бекіткен тізім бойынша көрсетіледі. Қайта өтініш жасаған тұлғалар өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) өтініш берушінің әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат.

22. Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқаларда ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

23. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін учаскелік комиссияға жібереді.

24. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидалардың 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға жібереді.

25. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

26. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

28. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

29. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 25 және 26-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

32. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру қаланың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

33. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Ақтөбе қаласының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

34. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді келтіріп заңсыз әлеуметтік көмек тағайындауға әкелгені анықталған жағдайда, әлеуметтік көмек төлеу тағайындалған тұлғаға (отбасына) белгіленген кезеңге тоқтатылады.

35. Артық төленген сомалар ерікті қайтаруға жатады, бас тартқан жағдайда - сот арқылы.

5. Қорытынды ереже

36. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің немесе "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.

